# Стратегиялық объектілерді иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қарашадағы № 1420 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің ( Жалпы бөлімі) 193-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазпочта» акционерлік қоғамына осы қаулының қосымшасында көрсетілген стратегиялық объектілерді иеліктен шығару жөнінде мәмілелер жасауға рұқсат берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қарашадағы № 1420 қаулысына қосымша

## "Қазпочта" акционерлік қоғамының иеліктен шығаруға рұқсат етілетін стратегиялық объектілерінің тізбесі

| Р/с № | Стратегиялық объект | Объектінің мекенжайы (орналасқан жері) |
|---|---|---|
| 1. | Жылжымайтын мүлік объектілері, жер учаскесі | Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 410-үй |
| 2. | Жер учаскесі | Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 3-үй |
| 3. | Жылжымайтын мүлік объектілері, жер учаскесі | Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 1а үй |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК